

Есполов А.Т., Адамханова Ж.

ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

Аннотация

В статье рассматриваются пути повышения эффективности использования земельных ресурсов в Жамбылской области. Проанализировано состояние земли выбывших из сельскохозяйственного оборота. Предлагается пути рационального использования пашни.

Ключевые слова: земли выбывшие из сельскохозяйственного оборота, площадь пашни, повышение плодородия пашни, рациональное использование пашни, эффективность использования земельных ресурсов

Espolov A.T., Agazhanova J.

WAYS OF INCREASING USAGE EFFICIENCY OF LAND RESOURCES

Annotation

In the article ways ways of increasing usage efficiency of land resources in Zhambyl oblast. The state of lands withdrawn from agricultural use are analysed. Ways of beneficial use of cultivated lands are offered.

Key words: lands withdrawn from agricultural use, cultivated aread, improving fertility of arable lands, beneficial use of land, benefits of using land resources.

ӘОК (УДК) 631.15: 338

Есполов А.Т., Нурдаулет А.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАҒАЛАУ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Андатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында жер ресурстарын бағалау тетіктерін жетілдіру жазылған. Ауылшаруашылығында пайдаланылатын жерлердің топырақ құнарлығы талдалған. Жер ресурстарын бағалау тетіктерін жетілдіру ұсыныстары берілген.

Кілт сөздер: ауылшаруашылық жерлерін бағалау, топырақ құнарлығы, жер ресурстарын ұтымды пайдалану, егістік жерлерді қорғау, бағалау шкалалары, бағалаудың базистік көрсеткіштері.

Кіріспе

Жер ресурстарын ұқыпты да тиімді пайдалану және бағалау Ата Заңымыздың 38 бабында атап көрсетілген "Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қорғауға міндетті" [1]. Жер ресурстар қорғау және оны тиімді де ұтымды пайдалану адамзат баласы үшін маңызды және оның қажеттілігі арта береді. Әсіресе жер иесінің өзгеруі, оған деген көзқарастың кеңеюі, жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) кезінде тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына жақсаруына әкелген. Тіпті ХХ ғасырдың бас кезінде Б.Д. Бруцкус, А.В. Чаянов,

Н.Д.Кондратьев шаруалардың шаруашылық жағдайының жетістігі "жекеменшік пен білімнің" кооперациясы негізінде дамытындығын айтқан болатын [2, 3]. Аталған инновация бүгінгі таңдағы ауылшаруашылық жерлерін қорғау мен топырақ құнарлығын зерттеуді дамытуды қажеттігін қойып отыр. Көртеген елдерде топырақ құнарлығы жел, су, егістікті ұдайы интенсивті механикалық өңдеуден топырақтың тығыздануынан ауылшаруашылық айналымынан жылына 10 млн га, ал зерттеу болжаулары бойынша 2050 жылға қарай барлық жердің 30 % эрозияға ұшырайды. Қазақстан Республикасы Еуразиялық Одақ (170 млн. халық саны) және ДСҰ толық мүшесі болып отырған кезде жер ресурстарын қорғау және топырақ құнарлығын арттыру шараларын жетілдірудің механизмдерін жетілдірудің маңыздылығы одан сайын арта береді. Әсіресе, отандық ғалымдардың топырақ құнарлығын арттыруға бағытталған инновациялық технологияларын толық пайдалануға, баса көңіл аударып, еліміздегі 180 мыңнан астам ауыл шаруашылық құрылымдарында жан-жақты қолдануына мүмкіндік жасауды қолға алуға тиіспіз. Осы бағыт еліміздің ауыл шаруашылық дамуының тиімді де ұтымды жолы болуға тиіс. Топырақ құнарлығын сақтау ауыл шаруашылығында дақылдардың түсімін арттыруда шешуші рөл атқаратын болады және оған негіз болушы инновациялық технологияны енгізу, жер ресурстарын қорғауды жетілдіру болып табылады. Жерді бағалауды зерттеушілердің егістік жерлерді бағалау әдістемесінде біркелкі қалыптасқан пікірлердің жоқтығына көз жеткізуге болады. Жер сапасының табиғи белгілерін бағалау агроклиматтық, топырақтық-агрохимиялық, геоботаникалық және басқа мәліметтер негізінде жүргізіледі. Оны пайдалану арқылы жер-бағалық аудандарға бөлу жүйесі мен жерді сапалы топтау қалыптасады. Бағалау шкалалары жер-бағалау аудандарына жеке құрылады. Бағалаудың базистік көрсеткіштер жүйесі жерді бағалаудың сапалы топтары арқылы өңделеді, оның негізінде жер учаскелерінің бағалау көрсеткіштері мен әкімшілік аумақтық бірліктер есептеледі.

Елімізде ауыл шаруашылық жерлерін бағалау келесі мақсаттарға сәйкес жүргізіледі: нысаналы мақсатты ескере отырып, жер учаскелерін пайдалану тиімділігін анықтау; жер учаскесін кепілдікке беру арқылы несие алу; салық салу, жерді жалға алу төлемдерін анықтау; мемлекеттік мүдделер үшін жер учаскелерін алып қою кезінде; жер телімдерін пайдалану немесе құқығын сату кезінде оның бағасын білу. Жерді бағалау үшін жер бағалық аудандау өткізіледі. Содан кейін, сол жерлердің шекараларына топырақ бонитировкасы және жердің экономикалық бағалау жүргізіледі. Жерді экономикалық бағалау 2-ге бөлінеді: жалпы бағалау-жалпы ауылшаруашылық дақылдары бойынша бағаланады; жеке бағалау-жеке ауыспалы егістіктер бойынша бағаланады. Бағалау көрсеткіштері: өнім құндылығы (ӨҚ); шығын қайтарымы (ШҚ). Сапасы бір жерлерді түрліше пайдалануға болады. Тіпті жақсы жерге қарағанда, нашар жерді дұрыс және тиімді пайдалану негізінде алаң бірлігіне шаққанда жоғары өнім алуға болатын жағдайлар кездеседі. Бұған жерге қосымша қаржы мен еңбекті жұмсау, жерді игеру мәдениетінің жоғары деңгейі арқасында қол жетеді. Сондықтан шығын мен агротехниканы есепке алмай шыққан өнім бойынша, яғни өндірісті жүргізу деңгейінде ғана жер сапасын объективті бағалауға болмайды. Республикада ауыл шаруашылығы жерлерін бағалау жалпы төмендегідей мақсаттарда жүргізіледі: мақсатты белгілеумен жер учаскелерін пайдалану тиімділігін анықтау; жер учаскесін кепілге қойып, банкіден несие алу; салық салу, жалдық төлемдерді анықтау; реквизиция жағдайында мемлекет қажеттілігіне жер учаскелерін мәжбүрлеп алуда сотпен сатып алу бағасы мен төлем көлемін анықтау; жер учаскелерін шаруа серіктестіктерінің жарғылық қорына жарна, не болмаса өндіріс кооперативтеріне пай ретінде беруде; жер учаскесін немесе жерді пайдалану құқығын сатуда. Жылдан-жылға топырақ құнарлығы төмендеп жатыр, осыған орай егістік құнарлығын қорғау және арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру кезек күттірмейтін

мемлекеттік басты мәселе қатарына жатады. Ең бастысы жер ресурстарының құнарлығын арттыру бағытында жоғары экономикалық, экологиялық және агрохимиялық тиімдікке қол жеткізу керек. ҚР ауылшаруашылығында пайдаланылатын жерлердің топырақ құнарлығы 1 кестеде берілген.

1 кесте - ҚР ауылшаруашылығында пайдаланылатын жерлердің топырақ құнарлығы

Топырақ түрлері	Ауданы	
	млн. га	%
Құба, сұрғылт-құба топырақтар	97,9	44
Күрең топырақтар	73,4	33
Қара топырақтар	24,0	9
Таулы және тау етегі	31,2	14
Ескерту автордың есептеулері		

Егістік жерлердің топырақ құнарлығының жағдайы, 2 кестеде берілген, 1990 жылы егістік ауданы-35000 мың га болса, 25 жылда азайып 2015 жылы 21190 мың га құрап отырғанын есептеулер көрсетті. Ал осы егістік жерлердің топырақ құнарлығын талдайтын болсақ: 4 % төмен - 1990 жылы -56,3 % (19705 мың га), ал 2015 жылы 63,1% (13370 мың га), яғни 6,8 % немесе 6335 мың га азайған; орташа 4-6 % - 1990 жылы -40,5 % (14175 мың га), ал 2015 жылы 34 % (7205 мың га), яғни 6,5 % немесе 6970 мың га қысқарған; 6 % жоғары- 1990 жылы -3,2 % (1120 мың га), ал 2015 жылы 2,9% (615 мың га), яғни 0,3 % немесе 505 мың га азайған.

2 кесте - ҚР егістік жерлердің топырақ құнарлығының жағдайы

Жылдар	Егістік ауданы, мың га	Топырақ құнарлығы					
		4 % төмен		орташа 4-6 %		6 % жоғары	
		%	мың га	%	мың га	%	мың га
1990	35000	56,3	19705	40,5	14175	3,2	1120
2015	21190	63,1	13370	34	7205	2,9	615
Ескерту автордың есептеулері							

Жер ресурстарын қорғау және топырақ құнарлығын көтеру арқылы ауылшаруашылық дақылдарын терең өңдеуге қол жеткізе отырып, отандық сапалы да экологиялық таза азық-түлікті молынан экспорттау мүмкіндігіне қол жеткіземіз. Ауылдық жерлердің өмір сүру деңгейін аграрлық саясаттың шараларымен белгілі бір деңгейде немесе одан жоғары (Израиль, Норвегия). Бүгінгі даму жағдайында ауылдық жерлерге кәсіби мамандарды тарту өте күрделі [3, 4]. Отандық топырақтанушы ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, елімізде 5 жазықтық табиғи зона, 3 таужиектік биіктік белдеу және 2 таулық аймақта, әр зонаға, әр белдеуге, әр аймаққа тән 1,5 мың топырақ түрлері бар [5, 6].

Зерттеу нәтижелері анықтағандай, жер ресурстарын ұтымды пайдалануға теріс әсерін тигізетін келесі факторларды атап көрсетуге тиіспіз: агроклиматтық әлеуеттің төменгі деңгейі (топырақ құрамыныңдағы қарашірінді); ауа райының тұрақсыздығы (құрғақшылық); АӨК инновациялық технологиялардың мардымсыз қолданылуы; ауылшаруашылық техникаларының моральдық жағынан тозуы; егістік жерлерді қорғау және топырақ құнарлығын арттыру шараларының жоспарлы түрде жүргізілмеуі;

инфрақұрылымының өз деңгейінде болмауы (суғару жүйелері, байланыс құралдары т.б.); жер ресурстарының еріген қар суы және нөсермен топырақты шайып кетуі үдей түскен; су жинағыш шекараларының көрсетілмеуі; топырақты шайып кетудің жиынтығы мәліметтерінің жиналмауы; танаптарға ауыспалы егістіктің кеңінен қолданылмауы; топырақты қорғау шараларының тұрақты түрде енгізілмеуі; деградацияға ұшыраған жерлерді қорғау шараларының жүйелі түрде жоспарланбауы; жыралар, тау беткейлерін қорғау шараларында өнімді өсімдік өсіру арқылы топырақтың шымдануы қарастырылмаған; жабайы жануарлар микокорықшаларын құруды жобалау (жергілікті жердің табиғатын, жеке өсімдіктер, жануарлар түрін табиғи қажеттілікті үнемі қорғауға бөлінген шағын территориялар) қарастырылмаған; орнитофауна (белгілі бір территорияларды мекендейтін құстарды қорғайтын) микокорықшалары жобаланбаған; этномологиялық микокорықшалар (бунақ денелі жәндіктерді қорғайтын) құрылмаған; экотон (өтпелі алқап) жобаланбаған; жерлердің шаруашылық айналымынан шығып калып, керексіз қалдық ретінде тұрып қалуы; табиғи орта қасиеттерінің кейбірінің өзгеріске ұшырауы салдарынан нашарлауы; қоршаған орта қасиеттерінің өзгеруі салдарынан, әсер етуінің өмір сүру жағдайларының қысқаруы; еңбек өнімділігі көрсеткіштерінің төмендеуі; жерлердің тақырға айналуынан ауыл аумақтардың халқының демалыс-рекреация аймақтарының азаюы.

Жер ресурстарын бағалау тетіктерін жетілдірудің маңызы зор, себебі аймақтардың дамуы ондағы өзгерістер өндіргіш күштердің және тұрғындардың жағдайына тікелей әсер жасайды. Жерлердің санатындағы өзгерістерді есепке ала отырғанда ғана жер ресурстарын пайдалану тиімділігін жоғарлата аламыз. Жерді ғылыми негізде бағалау мемлекеттің нығаюы мен дамуындағы атқаратын қызметі өте зор. Дегенмен әлемнің дамыған елдерінің жер ресурстарын бағалау тәжірибесін зерттей отыра, еліміздің аймақтарының аумақтық ерекшеліктерін зерттеудің жерге орналастыру ғылымына қосатын үлесі қомақты болады. Аймақтарда жер ресурстарын бағалау мәселесінің тиімділігі: бәсекеге қабілетті дамыған елдерінің деңгейіне дейін көтеріледі; экономикалық өсудің басты көрсеткіші жер ресурстарын пайдалану тиімділігі артады; еңбек ресурстарын дұрыс орналастыруға мүмкіндігі кеңейеді; аймақтың экономикасының тұрақты дамуына қол жетеді, ауылшаруашылық жерлеріне отандық және шет елдік инвестиция кедергісіз келеді; инфрақұрылым дамиды, жер ресурстары нарық айналымына түседі т.б.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы –Астана: Елорда, 2008-56 б.
2. Чаянов А.В. Основные идеи и формы сельскохозяйственной кооперации –М.: Книгосоюз, 1927 –С.20
3. Протопопов И.В. Информационный образ аграрного сектора США –США Канада экономика-политика-культура, 2007, №8 –С.109
4. Буздалов И. Сельское хозяйство России: взгляд сквозь призму концепции устойчивого развития//АПК экономика, управление, №8, 2015 – С.111
5. Мирзадинов Р.А., Дуйсенбеков С.Л. Қазақстан топырақтары Алматы; ҚазККА, 2008 – Б.2
6. Орынбеков М., Байдулдинова А.Н. Оценка земли-Алматы, 2013-744 с.

Есполов А.Т., Нурдаулет А.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕХАНИЗМОВ ОЦЕНКИ ЗЕМЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

Аннотация

В статье написано о совершенствовании механизмов оценки земельных ресурсов в Республике Казахстан. Проанализировано состояние плодородия почв и земель используемых в сельском хозяйстве. Предлагаются рекомендации по совершенствованию механизмов оценки земельных ресурсов.

Ключевые слова: оценка сельскохозяйственных земель, плодородие почв, рациональное использование земельных ресурсов, охрана пашни, оценочные шкалы, базисные показатели оценки.

Espolov A.T., Nurdaulet A.

IMPROVING MECHANISMS FOR EVALUATING LAND RESOURCES IN THE

Annotation

In the article improving mechanisms for evaluating land resources in the Republic of Kazakhstan are considered. Soil fertility of agricultural lands is analysed. Suggestions to improve land resources are defined.

Key words: evaluation of agricultural lands, soil fertility, beneficial use of land resources, evaluation scales, basis indicator of evaluation.

УДК: 330.8(575.2) (043.3)

Суйуналиева Б.Ш.

Чуйский университет, г. Бишкек

АНАЛИЗ ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ И ЗАЩИТЫ В КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКЕ

Аннотация

В статье исследуются вопросы предоставления государственных услуг и защиты. Анализируется бюджетное финансирование на программной основе социальной защиты населения и предлагается разработать государственной программы адресной помощи в виде компенсационных выплат и государственной пособия.

Ключевые слова: Бюджет, финансирование, активы, земли, домашний скот, товары длительного пользования, пособие.

Введение

В условиях рыночных отношений предоставление государственных услуг и защиты гарантии занимает основное место в деятельности государственных органов. Для этой цели Министерством социальной защиты населения Кыргызской Республики реализуются социальные программы предоставления компенсаций и пособий, направленных на поддержку уязвимых категорий населения. Но действующая система социальной помощи в отношении малообеспеченных семей оказывает незначительное воздействие на снижение бедности и, по различным мнениям, требует рассмотрения или в сторону увеличения размеров пособий, доплат или альтернатив по расчету оценки уязвимости